

Д. Мәсімханұлы^{1*}, Қ. Ғабитханұлы², Н.Х. Дарбай¹

¹ҚР ҒЖБМ ҒКР.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

²ҚР ҒЖБМ ҒКА. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

* e-mail: masimkhan-63@mail.ru

«БАТЫС АЙМАҚТАРДЫҢ ЖЕР-СУ АТТАРЫ СӨЗДІГІ» ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨңІРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

ҚХР ШҰАА-ның орталығы Үрімші қаласында орналасқан «Шыңжаң халық баспасы» (新疆人民出版社) бес тілде (қытай, ұйғыр, қазақ, моңғол, қырғыз) кітап басып шығаратын мемлекеттік іргелі баспа-корпорациясы болып табылады. Жергілікті халықтардың тарихы мен мәдениетіне, өлкенің тарихи географиясына қатысты, Шыңжаң мен Орталық Азия өңірінің «Ұлы Жібек жолы» кезеңіндегі тарихи рөлі мен маңызы туралы деректер мен зерттеулерді көбірек жарияға шығару – аталған баспаның басым бағыттарының бірі деуге болады. Сондай іргелі еңбектің бірі – аталған баспадан 2001 жылы қытай тілінде жарық көрген «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігі» («西域地名词典»). Бұл мақалада аталған сөздікке енген Орталық Азия мен Қазақстанға қатысты тарихи топонимдердің этимологиясы, олардың қытай тілінде хатқа түскен кезеңі, сондай-ақ олардың географиялық орны мен ауқымы өзге де деректермен салғастырыла отырып, жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігіндегі» ОА мен қазақ жеріне қатысты жер-су атауларын тарихи салғастырмалы және этимологиялық әдістер арқылы қарастыру, сондай-ақ оларға семантикалық тұрғыдан талдау жүргізу, жүйелеу. Мұндағы қытай сөздігінен алынған мәліметтер отандық топонимика ғылымында жаңа, әрі өзекті тақырыптардың бірі, сондықтан бұл – мақаланың жаңалығы десек те болады. Төменде қытай иероглифтерімен хатқа түскен өз аймағымызға қатысты топономикалық атаулардың ерекшеліктері, олардың тіліміздегі нақты аудармасы мен қытайша түпнұсқасы қатар көрсетіліп, реконструкцияланады, сипаттамалар беріледі.

Тілімізде әрқалай аударылып жүрген қолданыстағы топонимикалық атауларды біріздендіру және ғылыми айналымға енгізу бұл жұмыстың ғылыми және практикалық нәтижесін көрсетеді.

Түйін сөздер: «Батыс аймақтар», жер-су аттары, ҚХР, ШҰАА, Орталық Азия, Қазақстан, тарихи топонимдер.

D. Massimkhanuly^{1*}, K. Gabitkhanuly², N.K. Darbay¹

¹R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

²A. Baitursynuly Institute of Linguistics of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: masimkhan-63@mail.ru

“The dictionary of geographical names of western regions” and the historical geographical nature of toponyms related to Kazakhstan and the Central Asian region

The Xinjiang People's Publishing House (新疆人民出版社), located in Urumqi, the center of the XUAR of the People's Republic of China, is a state-owned fundamental publishing house that publishes books in five languages (Chinese, Uighur, Kazakh, Mongolian, Kyrgyz). The publication of data and research on the history and culture of indigenous peoples, the historical geography of the region, the historical role and significance of Xinjiang and the Central Asian region during the “Great Silk Road” is one of the priorities of this publication. One of these fundamental works is “The Dictionary of Geographical Names of Western Regions” («西域地名词典»), published in 2001 in Chinese. This article examines in detail the etymology of historical place names related to Central Asia and Kazakhstan included in this dictionary, the period of their introduction into Chinese, as well as their geographical location and scale compared with other data.

The purpose of the research is to consider geographical names in the “Dictionary of geographical names of Western regions” related to Central Asia and the Kazakh land using historical, comparative and etymological methods, as well as semantic analysis and systematization. Data from the Chinese diction-

ary is one of the new and relevant topics in our domestic toponymic science, which is why this is the novelty of this article. The following are the features of toponymic names related to our region, written in Chinese characters, their exact translation in our language and the Chinese original are shown, as well as reconstructed and descriptions of them are given.

The unification and introduction into scientific circulation of existing toponymic names, which are translated in our language in different ways, testifies to the scientific and practical result of this work.

Key words: "Western regions", geographical names, China, XUAR, Central Asia, Kazakhstan, historical toponyms.

Д. Масимханұлы^{1*}, К. Габитханұлы², Н.Х. Дарбай¹

¹Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

²Институт языкознания им. А. Байтұрсынова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

*e-mail: masimkhan-63@mail.ru

**«Словарь географических названий западных регионов»
и историко-географический характер топонимов, относящихся
к Казахстану и Центральноазиатскому региону**

«Синьцзянское народное издательство» (新疆人民出版社), расположенное в городе Урумчи, центре СУАР в КНР, является государственным фундаментальным издательством, издающим книги на пяти языках (китайском, уйгурском, казахском, монгольском, кыргызском). Публикация данных и исследований, касающихся истории и культуры коренных народов, исторической географии края, исторической роли и значения Синьцзяна и Центрально-Азиатского региона в период «Великого Шелкового пути», является одним из приоритетных направлений данного издания. Одна из таких фундаментальных работ – «Словарь географических названий западных регионов» («西域地名词典»), изданный в 2001 году на китайском языке. В данной статье подробно рассматривается этимология исторических топонимов, относящихся к Центральной Азии и Казахстану, вошедших в данный словарь, период их введения на китайском языке, а также их географическое положение и масштабы, сопоставленные с иными данными.

Целью исследовательской работы является рассмотрение географических названий в «словаре географических названий западных регионов», относящихся к ЦА и казахской земле, с помощью историко-сопоставительных и этимологических методов, а также проведение семантического анализа и систематизация. Данные из китайского словаря являются одной из новых и актуальных тем в отечественной топонимической науке, поэтому это и является новизной данной статьи. Ниже приведены особенности топонимических названий, относящихся к нашему региону, написанных китайскими иероглифами, показаны их точный перевод на наш язык и китайский оригинал, а также реконструированы и даны описания к ним.

Унификация и введение в научный оборот существующих топонимических названий, которые переводятся на наш язык по-разному, свидетельствует о научном и практическом результате данной работы.

Ключевые слова: «Западные регионы», географические названия, КНР, СУАР, Центральная Азия, Казахстан, исторические топонимы.

Кіріспе

2001 жылы ҚХР Үрімші қаласындағы «Шыңжаң халық баспасының» қытай тіліндегі редакциясы «西域地名词典» (Батыс аймақтардың жер-су аттары) деген атпен көлемді түсіндірмелі сөздікті (бұдан былай «сөздік» деп қолданамыз) басып шығарды. Аталған «сөздікке» Қытайдың Шыңжаң өлкесіне, Қазақстан мен Орталық Азия өңіріне қатысты 5200 жер-су аттары енгізілген. «Сөздіктің» ресми атауы «西域地名词典» (Батыс аймақтардың жер-су аттары) деп жазылып тұрса, біз не үшін оны ҚХР Шыңжаң өлкесімен, Қазақстан және Орталық Азия өңірімен байланыстырып отырмыз? Бұл сұраққа жауап беру

үшін біз ең әуелі Қытайдың тарихи деректерінде жиі кездесетін, бүгінде ғылыми әдебиеттерде кенінен қолданылатын географиялық атау «Батыс аймақтардың» (西域) шығу тарихы мен мензейтін географиялық ауқымын анықтап алуымызға тура келеді.

Әдебиеттерге шолу

Түрлі тарихи оқиғалар мен кезеңдерге байланысты Орталық Азия аймағына тиесілі жер-су атаулары мың құбылып, алыс-жақын елдердің тілдерінде әртүрлі қолданылып, ескі атауларын жоғалтып отырғандығы белгілі. Бастапқы мағынасы мен дыбысталу негізі түркілік болғанымен,

қытай иероглифтерімен хатқа түсіп, бүгінге дейін жеткен деректерден жаңа ақпараттар алуға болады. Аталған аймаққа қатысты топонимдердің қазіргі атауы мен құрылымын және олардың өзге тілдер мен ескі жазуларда кездесетін нұсқаларын айқындау үшін тарихи мәліметтерге сүйеніп, өңірдегі халықтардың ежелгі уақыттан бастап қазіргі қалпына дейінгі қала-аудандардың, ауыл-аймақтардың, өзен-су, таулардың есімдерін байланыстыра зерттеудің маңызы ерекше. Сондай күнды дереккөздердің бірі ретінде қытай тілінде жазылған «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігін» («西域地名词典») құрастырушы – Фэн Чживэнь, т.б.) негізге алуға болады. Бұдан бөлек, мақаланы жазу барысында сөздіктегі мәліметтерді салыстыра талдау мақсатымен басқа да қытайлық авторлардың, атап айтқанда Бай Цзинцзин, Жун Синьцзян, Тянь Вэйцзян, Чжан Тингю секілді зерттеуші ғалымдардың еңбектері қатар қолданылды. Сондай-ақ, қытайлық деректердегі «Батыс өңірі» туралы зерттеулер жүргізген батыс және орыс ғалымдарының еңбектері қарастырылды.

Ғылыми зерттеудің әдістемесі

Бұл зерттеу жұмысы тіл білімі, география, тарихи этимология секілді ғылым салаларына тікелей қатысты болғандықтан, мақалада пәнаралық тәсілдер қолданылды. Зерттеу тақырыбы аясында тарихи салғастырмалы және этимологиялық әдістер арқылы көне және қазіргі қолданыстағы географиялық атаулардағы қалыптасқан өзгерістер мен айырмашылықтарға талдаулар жүргізілді. Теориялық талдау және салыстыру, сонымен қатар, тарих, жазба жәдігерлер, география, теология және археология салаларының зерттеу нәтижелерін қисынды жинақтау әдістері қолданылды.

Тақырыпқа қатысты белгіленген кезеңдердегі оқиғалар мен жағдайларды, сондай-ақ құжаттарды ретроспективті әдіс арқылы қарастыра отырып, алынған мәліметтер хронологиялық тәртіппен жүйеленді. Мақалада сипатталған жеке пайымдаулар мен дәлел-деректердің қорытындысы ретінде индукция әдісін пайдалану арқылы жалпы тұжырымдар жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

1. «Батыс аймақтар» атауының аясы

«Батыс аймақтар» (西域) атауының қолданылуы Қытайдың Батыс Хань патшалығы (西

汉, б.з.д 202 – б.з. 8жж.) тұсында басталып, Цин патшалығы (清朝 1636-1912жж.) кезеңіне дейін жалғасып, жалпы есепте екі мың жыл бойғы әдебиеттерде жаппай қолданылды. Қытайдың ішінара зерттеушілері «Батыс аймақтар» деген атау алғаш рет «Ханьшуда» (汉书 – Хань әулетінің кітабы) хатқа түскен деп есептейді, алайда тарихи деректер ол атаудың «Шицзидың» (史记 – тарихи жазбалар) «Вэй санғұн өмірбаяндырында» кезігетінін көрсетеді. Атап айтқанда «Хо Чүйбин санғұн қосынды басқарып, Ғұнның Батыс аймақтарындағы патшасы Хунше ханға дейін барды...» (司马迁, 2025) деген дерек кездеседі. Алайда, аталған әдебиетте «Батыс аймақтар» деген бұл сөз бір рет ғана қолданылған, әрі ол заманда тек қана Ғұнның батыс аймағын меңзеп жазылған (Hargett, 2021: 10). Осыдан кейінгі бір кезеңдерде бұл өңірлер «Солтүстік-батыстағы елдер» деп аталды. Атап айтқанда «Шицзидың» (史记) 123-томында: «Бастапқыда Цзюцюань округі Солтүстік-батыс елдерімен байланыс орнату үшін құрылды», – деп қолданылғаны белгілі (史记卷一百二十三·大宛列傳第六十三, 2025). Тіпті аталған тарихи жәдігердің кей тұсында «Батыс елдері» деп те қолданылған. Мәселен, «Шицзидың» 130-томының «Вэй санғұн мен оның атты әскерлер баянының» 50-тарауында (《卫将军骠骑列传》第五十): «Шекараға төте жол ашу, Хуанхэнің оңтүстігін кеңейту, Шылан-тау өңірін талқандау, Батыс елдеріне жол ашу, Солтүстіктегі жабайыларды жою», – деген сөздер кездеседі (史记, 2025). Батыс аймақтарының қамтитын ауқымы қытай тіліндегі әртүрлі беделді еңбектерде, негізінен, шамалас екенін айта кетуіміз керек (Люлина, 2021: 3584). Дегенмен ішкерілей үңілгенде азды-көпті айырмашылықтардың бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Батыс аймақтарының қамтитын шекаралық ауқымын анықтауға арналған ежелгі немесе қазіргі заманғы еңбектерде күнгірт тұстар мен қайшылықты мәселелер де кездесіп қалады. Атап айтқанда, «Батыс аймақтардың» шығыс шекарасына қатысты екідай пікір жоқ, бәрі де оны Юмэн өткелі мен Янгуан өткелін «Батыс аймағының» ең шығыс шегі ретінде қарастырады (Халяпина, 2011: 314). Алайда, «Батыс аймақтардың» батыс шекарасына қатысты анықтамаларда бұлыңғыр және қайшылықты пікірлер кездесіп қалады. Сонымен қатар, «Батыс аймақтарының» ауқымы қытай тарихының әр түрлі кезеңдерінде аздап өзгеріске түсіп тұрғаны да жасырын емес. Бұлай болуы көп жағдайда биліктегі әулеттің әлеуетімен тікелей байланысты

еді. Хань патшалығы тұсында «Батыс аймақтар» ұғымы кең және тар мағыналарға жіктелді. Кең мағынадағы «Батыс аймақтар» Дунхуанның батысындағы аумақтарды, тұтас Тәңіртауының (Тяньшань) солтүстігі мен оңтүстігін, Орталық Азия аймағын, тіпті Батыс Азияның кейбір бөліктерін қамтып жатты. Ал тар мағынадағы «Батыс аймақтар» Юмэн өткелі мен Янгуан өткелінің батысынан Памир тауларының шығысындағы аумақты меңзеді. «Атап айтқанда «екі өткел – бір тау арасын» меңзейтін бұл өңір, тек қазіргі Шыңжаң өңірімен ғана шектелді. Яғни, аталған аймақ Хань патшалығы әскерлерін тұрғызып, егістік жерлерді игере бастаған және елді біртұтас басқаруды жүзеге асырған аймақ болды» деп сипаттайды Бай Цзинцзин қатарлы қытай ғалымдары (白静静, 张纯, 强爱国, 2015: 1). Таң әулетінде Батыс аймақтарының шекарасы батысқа қарай жылжыды. Жалпы алғанда, Таң дәуіріне (б.ж.с.618-907жж.) келген кезде «Батыс аймақтардың» меңзейтін ауқымында өзгеріс орын алды. Атап айтқанда, бұл шығыстағы Дунхуаннан Ганлудың батысы мен солтүстігіндегі Памир тауларына дейінгі аумақты меңзеді (魏微 (唐) 等, 1973: 988). Таң патшалығы Ичжоу, Сичжоу және Тинчжоу өлкелерін құрғаннан кейін Гаочаң өңірі Сичжоу өлкесіне енгізіліп, аталған үш өлке де «Батыс аймақтардың» аумағына жатқызылды.

Қытайдың Миң патшалығы (1368-1644жж.) кезіндегі «Батыс аймақтарының» ауқымына қатысты түсінігін Юнлэ дәуірінде (Миң династиясының 3-ші патшасы, 1403-1424жж. билік құрған) Чэн Чэн есімді қаламгердің авторлығымен жарық көрген «Батыс аймақтар шежіресінен» (жазбаның бірінші томы «Батыс аймақтарға саяхат», екінші том «Батыс аймақтардағы шет елдердің жазбалары») оқи аламыз. Миң императоры Чэнзу тұсында, Миң патшалығына қарсы моңғолдардың шабуылын бәсеңдету мақсатында ол Батыс аймақтардағы елдерге салық төлеу және ант беру үшін шенеуніктерін үздіксіз жіберіп тұрды. Сол себепті Чэн Чэн Батыс аймақтардағы әртүрлі елдерге бес мәрте дипломатиялық сапармен барды. 1414 жылы ол тұңғыш рет Харе еліне (бүгінгі Ауған елі) барып, ол жақтан 1424 жылы бір-ақ оралады (Хафизова, 1995: 64). Чэн Чэн жол бойында көрген-білгенінің бәрін хатқа түсіріп, кітабына енгізгендіктен, оның еңбегі сол кездің өзінде-ақ жұрт назарын ерекше аударған болатын. Оның еңбегінде батыстан шығысқа қарай Харей (қазіргі Ауғанстанда), Самарқан (қазіргі Өзбекстанда), Андухуай (қа-

зіргі Ауғанстанда), Балахей (қазіргі Ауғанстанда), Дилими (қазіргі Өзбекстанда), Сайран (қазіргі Қазақстанда), Янги (қазіргі Қазақстанда), Бешбалық (қазіргі Шыңжаңда), Турфан (қазіргі Шыңжаңда), Лучэнчэн (қазіргі Шыңжаңда), Құмыл қатарлы 18 жердің әлеуметтік жағдайы сипатталған. Қазіргі Шыңжаңда орналасқан кейбір бөліктерін қоспағанда, қалғандарының бәрі қазіргі Ауғанстан мен Орталық Азия жерлері екені мәлім.

«Миң тарихы. Батыс аймақ баянында» жазылуынша, «Император Хунву әлемді әскери күшпен тыныштандырып, әрі қарай әлемде қожа болуды көздеді. Сөйтіп маңайдағы елдің шапқыншылығын болдырмау үшін, оларға елшілерін жіберді, нәтижесінде «Батыс аймақтардағы» үлкенді-кішілі елдердің бәрі оған құрмет көрсетіп, қалыс қалудан қорқып, оған алым-салық берді» (张廷玉等, 1996: 3907). Сондықтан, кейбір қытай ғалымдары Миң хандығы тұсындағы «Батыс аймақтар» аумағына өз заманында салық төлеп тұрған, сондай-ақ Миң династиясының орталық үкіметімен тығыз қарым-қатынаста болған аймақтар мен елдерді де қосу керек деп санайды (田卫疆, 1998: 34). Сөздің осы тұсында біз бұл пікірмен түбегейлі келіспейтіндігімізді ескертеміз. Себебі қытай тарихи деректеріндегі «Батыс аймақ» ұғымы негізінен географиялық түсінік екені белгілі. Сондықтан оның ауқымын белгілеуде Қытайдың орталық билігімен «тығыз қарым-қатынаста» «болған аймақ», «болмаған аймақ» деген саяси шарт қойылмауы керек.

Сонымен қатар, Миң патшалығы кезіндегі елдің оңтүстік-батысындағы көптеген тайпалар мен аймақтар да «Мин тарихы: Батыс аймақтар баяны» кітабына енгізілген. Бұдан біз «Батыс аймақтардың» ауқымының тіптен кеңейе түскенін аңғарамыз.

Ал уақыт көші жылжып, Цин патшалығына (1636-1912жж.) келген кезде «Батыс аймақтар» ұғымы Мин әулетіндегіден өзгеше сипат ала бастады. 1755 жылы Цин патшалығы жоңғар хандығын талқандап, Тяньшань тауының солтүстігі мен оңтүстігіндегі Жоңғардан босаған жерлерге иелік ете бастады. Келесі жылы император Цяньлун «Батыс аймақтардың императорлық картасын» жасау туралы жарлық түсірді. Ол қысқартылған түрде «Батыс аймақтар картасы» деп аталды. Кітап «Батыс аймақтардың» географиялық аумағын егжей-тегжейлі сипаттады. Атап айтқанда: «Бұл аймақ Сучжоудағы Цзяюгуанның сыртында, оңтүстік-шығыста Сучжоумен (қазіргі Қытайдың Ганьсу өлкесі),

солтүстік-шығыста Қалқамен (қазіргі Моңғолия), батыста Памир тауларымен, солтүстігінде Ресеймен және оңтүстігінде Тибетпен шектеседі, жалпы аумағы 20 000 шақырымнан астам.

«...Жоңғар тайпасы Тянь-Шань тауларының солтүстігінде өмір сүрді... Хуэйлар (ұйғырлар) Тянь-Шань тауларының оңтүстігінде өмір сүрді. Қазіргі Хуэй қалалары ежелгі Батыс аймақтардағы қорғанды қалалары бар отыз алты патшалық делінді. Ал Жоңғарларға келетін болсақ, олар Тянь-Шань тауларының солтүстігіндегі Үйсін жерін иемденді. Ал олардың шығыс шекарасы болса тарихи Ғұн территориясының бір бөлігі еді». Сондықтан ежелгі уақытта «Батыс аймақтары» деп оңтүстік пен солтүстіктегі екі үлкен таудың аралығындағы елдерді атаған деуге болады. Қытайдың әр кезеңдегі император сарайлары өздерінің жаңа ашқан «Батыс аймақтарына» солтүстігіндегі тарихи Үйсін территориясы мен Ғұндардың ежелгі территорияларын меңзеді және оны әрі қарай ұлғайтып көрсетіп отырды» (钟兴麒等, 2002: 13). Бұл мәселеде біз ҚХР Пекин университеті жанындағы Ежелгі қытай тарихын зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Жуң Синцзяң мырзаның: «‘Батыс аймақтар’ дегеніміз тар мағынада географиялық ұғым, ал кең мағынада мәдени ұғым. Өйткені кең мағынадағы ‘Батыс аймақтар’ көптеген құжаттарда «аяқ жететін, көз көретін» жерлер ретінде сипатталады, яғни мәдениеттің таралуы мүмкін болған жерлерді білдіреді», – (荣新江, 2012: 89) деген пікірін толықтай қуаттаймыз. Осы ғалым «Батыс аймақтар» туралы тағы бір зерттеуінде былай дейді: «Қазіргі географиялық концепциялар бойынша «Батыс аймақтар» тар мағынада Орталық Азияның орталық бөлігін ғана меңзейді. Ал кең мағынадағы «Батыс аймақтар» тұтас Орталық Азияның географиялық ауқымын білдіреді. Сондықтан Қытайдың академиялық қауымдастығы «Батыс аймақтарды» «Орталық Азия» деп есептеп, халықаралық ғылыми классификацияда «Батыс аймақтардың тарихы» дегенді «Орталық Азия тарихының» синонимі ретінде қарастырады» (荣新江, 1998: 101).

Біздің бұл еңбегімізде «Батыс аймақтардың» кең мағынадағы нұсқасы басшылыққа алынады.

II. Батыс аймақтардағы жер-су атауларының хатқа түсу барысы

Қытайдың Хань патшалығы кезінде «Батыс аймақтардағы» жер-су атаулары біртіндеп хатқа түсе бастады. Дегенмен олар бастапқыда көбінесе «елдер» мен «қалалар» атымен сипатталды.

Яғни қытай деректерінде «Батыс аймақтар» сол дәуірдегі тайпалар мен рулардың атауларымен құрылған бектік, қағандық, қалашық атаулары ретінде қолданылды. Мәселен, «Батыс аймақтардағы» алғашқы отыз алты бектік бір-бірінің құзырында емес, бүкіл «Батыс аймақтарға» шашыраңқы қоныстанған саяси күштер еді, атап айтқанда, мыңнан сексен мыңға дейінгі халқы бар, қазіргі қалашықтар мен ауылдарға қарайлас саяси күштер деп айтуға болар еді. Әртүрлі этникалық топтардың өндірістік қызметімен қатар, олардың ұлы Жібек жолының бойында орналасуы да олардың жер-су атауларының Қытайдың тарихнамалық құжаттарына енуіне түрткі болғаны белгілі. Тарихи деректерге қарағанда, Таң патшалығының кең ауқымды әкімшілік құрылысы мен дамыған мәдениетіне де байланысты «Батыс аймақтармен» барыс-келіс қарқынды нығайып, соның есебінен жер-су атаулары да байи түскен.

Юань патшалығы кезінде «Батыс аймақтардың» тарихи жер-су атаулары күнделікті әдебиеттерде саны жағынан да көбейіп, ұлттық ерекшеліктері де күшейіп, оны бейнелейтін тілдердің алуан түрлілігі де барған сайын айқындала түсті. Аталған кезеңдегі «Батыс аймақтардың» жер-су атаулары көбінде жолжазбаларда көрініс табатын. Бұндай жолжазбаның бастыларынан Иелу Чуцайдың «Батысқа сапар әсері» («西进录»), Циу Чуцзидің «Чанчунь Чжэндіктің батысқа саяхаты» («长春真人西游记») қатарлы еңбектерді атап айтуымызға болады. Юань патшалығы тұсында Моңғол империясы өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Осы тұста «Батыс аймақтардағы» ежелгі түрік тайпаларының тілінде аталып келген жер-су аттары мен беймағлұм тау-өзендер мен қала-кенттер моңғол тілінде аталып, хатқа түсе бастады. Мысалы, қазіргі ҚХР Шыңжаңның Жоңғар ойпатындағы «Күйтун» деген қаланың аты моңғол тілінде, «суық, аяз» дегенді білдіретін «хүйтэн» деген сөздің транслитерациясы екені белгілі. Бұл сөз ең алғаш рет «Юань тарихында» хатқа түскен (Millward, 1999: 72). Шыңғыс ханның Батысқа жорығы кезінде оның әскерлері осында ерулейді. Қыс мезгілі болғандықтан, сарбаздар қақаған аяздан қатты зардап шегеді. Осылайша ол жерді «хүйтэн» деп атап кеткен дейді аңыз дерегі. Бұл сөз қытай тіліне «奎屯» (Kuitun) деп хатқа түскендіктен, кейін келе жұрт жаппай «Күйтун» атап кетті. Негізінде бұл өңір ежелгі дәуірде (б.з.б. III ғасырлар) түркі тілінде «Қарасу» деп аталатын юэчжи, үйсін, сақ халықтарының

мекені болатын (奎屯市历史沿革, 2025). Сондай-ақ Юань патшалығы билеушілерді Батыс аймақтардан көптеген сарациндерді тұтқындап, темірге бай Тяньшань тауларына ағаш кесу және болат балқыту жұмыстарына жекті. Жүре келе ол жердің де аты «Боро-тала» (қоңыр өлең) болып моңғолша қалыптасып кетті. Қысқасы «Батыс аймақтардағы» елдердің Цин патшалығымен қарым-қатынасының жиілей түсуіне байланысты, сонымен бірге Тәңіртауының солтүстігі мен оңтүстігінде көптеген жаңа елді-мекендер, қалалар мен кенттердің пайда болуына байланысты жергілікті этностардың тілдерімен аталатын тарихи жер-су атауларының қытайша хатқа түсуі қарқынды дамып, «Батыс аймақтарға» қатысты ономотикалық атаулар біртіндеп тұрақтана бастады (Liu, 2015: 233).

Қысқасы, қытай деректері мен қытай ғалымдары зерттеулеріндегі кең мағынадағы «Батыс аймақ» деген ұғымды, көп жағдайда Орталық Азия өңірі деп түсінуге әбден болады. Алайда «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігінде» негізінен бүгінгі ҚХР Шыңжаң өлкесінің аумағына қатысты жер-су аттары молырақ қамтылған. Әрине, ретіне қарай тұтас Орталық Азия аймағының да жер-су аттары көптеп кездеседі.

III. «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігі» және ондағы Қазақстан мен Орталық Азия өңіріне қатысты топонимдер

Мақаламыздың «Кіріспе» бөлімінде қысқаша сипатталғанындай, Қытайдың түрколог-ғалымдары тарапынан дайындалып, жарық көрген іргелі еңбек «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігі» (西域地名词典, әрі қарай «Сөздік» делінеді) деп аталады. Құрастырғандар Фэн Чживэн, Түрди Насир, Ли Чунхуа, Хэ Лин, Си Сяочи, Дуң Кэли, Ан Инсинь, Чжу Ифан қатарлылар. «Сөздік» 2001 жылы ҚХР Үрімжі қаласындағы «Шыңжаң халық баспасынан» жарық көрді. Көлемі 600 бет.

Құрастырушылар тарапынан жазылған «Алғысөзде» «Сөздіктің» маңызы мен өзектілігі туралы айтылады. Әсіресе құрастырушы ғалымдардың: «Жер-су аттары, мағыналық тұрғыдан алғанда бір түрлі мәдени құбылыс. Атқаратын қызметі тұрғысынан қарағанда, жер-су аумағының ен-таңбасы. Алайда ол әсте жай ғана «ен-таңба» емес, тарихи-географиялық деректерді, еңбекші халықтың ақыл-парасатын, ұлттардың даму жолын, тілдерін де өз ішіне қамтыған әр ұлт халқының мәдениет жауһарларын бойына әбден сіңірген «ен-таңба». Батыс өңір – ежелден бері көптеген ру-тайпалар, ұлыстар мен ұлттар

мал бағып, егін егіп, аң аулап, тірлік етіп келе жатқан жер. Ұзына тарих бойына қалыптасқан Батыс өңірдегі сан алуан жер-су аттары мәдениеті өз заманында осы аймақта өмір сүрген ру-тайпалардың, ұлыстар мен ұлттардың мәдениетімен тығыз байланысты» (冯志文等编, 2001: 2). – деген пікірлерімен толықтай келісуге болады.

Өйткені, «жерінің аты – елінің хаты» деп халық даналығында айтылғандай, күллі түркі тайпалары мен халықтарының және олардың тарих көшінің әр кезеңінде құрған мемлекеттері бағзы замандардан бері мекендеп келе жатқан жалпақ Еуразия даласындағы жер-су аттарының пайда болуы мен дамуы, өзгеруі дегендердің өзін мәдени құбылыс ретінде қарастыруға толық негіз бар. Қарап отырсақ, Орталық Азия өңіріндегі басым көп санды жер-су аттарынан ежелгі тарихи-мәдени жағдайлардың лебі есіп тұрады. Сондай-ақ көптеген жер-су аттары бізді қатпар-қатпар тарих көшінің салмау-салмау сорабына жетелейді. Себебі, күрделі де бай мәдени ақпарды тереңіне жасырған жер-су аттары тұртіп қалсаң сөйлеп тұрған шежіренің өзі, тарихтың көзі. Әсіресе, бұл «Сөздікте» қамтылған ежелгі Орталық Азия қалалары туралы мәліметтер – ежелгі түркілердің қала мәдениеті мен сол замандардағы материалдық мәдениетін анықтауда үлкен рөл атқарады деп есептейміз.

Біз сөз етіп отырған Қытайдың тарихшы, түрколог, лингвист ғалымдары құрастырған «сөздік» қамтыған жер-су аттары бай мазмұнымен, тілдік тектілігінің сан-салалы, сан алуандығымен ерекшеленеді. Атап айтқанда бұндағы жер-су аттарының дені сол жердің географиялық ерекшелігінен туындаған, белгілі бір тарихи-мәдени жағдайларға байланысты қойылған атаулар, әр кезеңдегі әкімшілік-аумақтық бөлістен қалған атаулар, ілгерінді-кейінді қойылған елді-мекендер аттары, тіршілік қажетіне қарай қойылған аттар болып келетін болса, олардың өзі тілдік тұрғыдан Алтай тілдері жүйесіндегі түркі-моңғол тілдері, маньчжур-түңғұс тілдері, тіпті үнді-еуропа тілдер жүйесіне жататын иран тілдері мен қытай-тибет тілдері жүйесіне жататын қытай тілінің сөздерінен құрам тапқан. Тіпті кейбір жер-су аттарының екі-үш түрлі тіл сөздерінің бірігіп, қабаттасуы арқылы жасалғаны да байқалады.

Сондай-ақ, аталған «сөздіктің» тағы бір құнылығы, құрастырушылар көбірек ежелгі қытай жазбаларына негізделіп құрастырғандықтан, онда Орталық Азияда, тіпті тұтас Еуразияда өмір сүрген, ірілі-ұсақты хандықтар мен патша-

лықтар құрған ежелгі түркілердің сол замандағы қалалары мен елді-мекендерінің аттары да молынан қамтылған. Тіпті есте жоқ ерте заманда дүркіреген қала болып, кейін із-түзсіз жойылып кеткен көптеп көне қалаларымыз туралы да құнды деректер кездеседі. Демек бұның өзі ежелгі түркілердің қала мәдениетін зерттеуде таптырмайтын дәлел-дәйек екені белгілі. Мәселен, ежелгі Яссы қаласы туралы «сөздікте»: «Асын» (阿森) – Орталық Азиядағы ежелгі қаланың аты. Кейбір деректерде «Яши» деп те жазылған. XIV-XVI ғасырларда «Асын» деп аталған. Қаланың ескі жұрты бүгінгі Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан облысында, Сыр өзенінің орта тұсындағы Түркістан маңында» (冯志文等编, 2001: 3), – деп жазылған.

2004 жылы Қазақстанның бұрынғы астанасы – Алматы қаласының тарихын «150 жыл» деп топшылаушылар болды. Ондайлардың бар сүйеніп отырған дәлел-дәйегі Верный бекінісінің салынған кезі (1854ж.). Ал мына біз сөз етіп отырған «сөздікте» Алматы қаласы туралы: «Алимату» (阿里玛图) – Юань, Миң патшалықтары кезеңінде хатқа түскен қала аты. Яғни Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматы қаласы» (冯志文等编, 2001: 12), – деген анықтама берілген. Мұндағы Юань патшалығы Қытайда 1260-1368 жылдары өмір сүрген, Шыңғысханның ортаншы ұлы Құбылай негізін қалаған хандық. Одан кейін Миң патшалығы 1368-1644 жылдары өмір сүрді. Демек, Алматы қаласының XIII ғасырдан бұрын-ақ бар қала екені белгілі.

Сондай-ақ, аталған «Сөздікте» «Аму» (阿母) деген ежелгі қала аты берілген. Бүгінде «Аму» десе, біздің есімізге «аму дария» ғана оралады. Ал «Сөздікте» жазылуынша, «Аму» – батыс Ляо (Қара қытай) хандығы кезіндегі ежелгі қала аты. Ежелгі қала орны бүгінгі Түрікменстанның оңтүстік-батысындағы Аму дария бойындағы Чарджу қаласы тұрған жерде» (冯志文等编, 2001: 1), – деп жазылған.

Ал «Аланми» (阿滥湼) деп аталатын қаланың ежелгі түркі тілінде қалай аталғаны, жалпы түркі халықтарының тарихында аталған қала дерегінің белгілі, белгісіздігі де бізге беймағлұм. «Сөздікте» былай деп анықтама берілген: «Аланми – Орталық Азиядағы ескі қала. «Жаңа Таң кітабы. Батыс өңір баянында» Бұқара елінің астанасы Аланми – Таң кезеңінде Хиуа және Парфия өлкелерін басқарып тұрды. Қаланың ескі жұрты – қазіргі Өзбекстанның Бұқара қаласы маңында. XVI ғасырда Бұқара хандығының

астанасы болған, қаланың өзі де «Бұқара» деп аталды» (冯志文等编, 2001: 4).

Бұдан өзге «Сөздікте» Орталық Азия өңіріндегі тау-өзендердің тарихи атаулары, тарихи қорымдардың, әйгілі кесенелердің, ежелгі мешіттердің, суретті жартастардың, балбал-сынтастардың аттары да кездеседі. Мәселен, «Үйтас жартас суреттер тобы» деген атауға берілген анықтамадан: «ҚХР Алтай қаласы Шеміршек ауылының батыс-солтүстігінде, ауылдан 12 шақырым қашықтықта орналасқан. Шығыс үйек бойынша 87°49'-тық бойлықта, 47°50'-тық ендікте, теңіз деңгейінен 850 метр биіктікте орналасқан. Аталған жартас суреттер тобында 30-дан астам сурет бар. Алайда олардың басым көп сандысы көрінбей қалған немесе кейінгі адамдар тарапынан бүліншілікке ұшыраған. Картиналардың денінде хайуанаттар, адамдар, аздаған тибет жазулары бедерленген. Бұлардың ішінде ұзындығы 15,6 метр, биіктігі 2 метр келетін алып картина бар, бұл тұтас Алтай өңіріндегі жартас суреттерінің ең көлемдісі болып есептеледі. Онда адам бейнелері, хайуанаттар суреті, аңшылық барысы, аңдардың өзара таласы, үйірге түсуі қатарлы көріністер бәдізделген 140 картина қамтылған. Суреттер бедерлі де, әсерлі бітіктелген» (冯志文等编, 2001: 4), – деген мәліметтер ала аламыз.

Бұдан өзге «Сөздіктен» қазіргі ҚХР Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар шоғырлы қоныстанып отырған өңірлердегі «Найыншоқы жартас суреттері», «Көкқада таңбалы тас суреттері», «Егіндібұлақ жартас суреттері», «Сүйіншал жартас суреттері», «Күнгей тауы жартас суреттері», «Ерқабақ жартас суреттері», «Үлкен Дабат жартас суреттері», «Таңбалы-Тассай жартас суреттері», «Таңбалы жартас суреттері», «Талдыбастау жартас суреттері», «Татыраң жартас суреттері» т.с.с. толып жатқан жартас суретіне қатысты жүйелі де құнды мәліметтер алуға болады. «Құнды» дейтін себебіміз, «сөздікте» жартас суреттеріне сипаттама бергенде, олардың орналасқан орны, биіктігі мен көлемі туралы ғана емес, ондағы суреттердің қай заманда бедерленгені, онда нендей бейнелердің (адам, хайуанат, аспан денелері т.б.) бедерленгеніне жан-жақты сипаттама беріледі. Ол суреттер арқылы біз ежелгі түркілердің діни сенім-нанымына, тотемдеріне, тұрмыс-тіршілігіне, бейнелеу өнерінің қыр-сырына болжам жасай аламыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Сөздікте» ежелгі қорымдар, обалар, күмбездер туралы да деректер аз емес. Солардың бірі – «Ежелгі үйсін

обалары» деп аталады. Онда былай делінген: «Іле сахарасына кеңінен тараған. Жалпы саны он мыңнан астам. Оларды біздің жыл санауымыздан бұрынғы 161 жылдан бастап, Вэй, Цзин дәуірі аралығына дейінгі Үйсіндер мәдениетінің «мұражайы» деп айтуға болады. Бүгінде ШҰАА өкіметі қорғауындағы маңызды мәдени қорық тізіміне енгізілген. Обалардың кейбіреулері 3-5 тен қатарласып жатса, кейбіреулері неше ондап, жүздеп топталып жатыр. Олардың ең ауқымдыларының биіктігі 20 метрден, тағынының диаметрі 230 метрден астам. Ал шағындауларының биіктігі 2,5 метр, тағанының диаметрі 4 метр шамасында. Обалардың кейбіреулері топырақтан үйілген болса, енді кейбіреулері тастан қаланып жасалған. Пішіндері көбінде дөңгелек, шаршы, сатылы болып келеді. ҚХР құрылғаннан бері, археологтар Іле өңірінен бірнеше ежелгі үйсін обаларына қазба жұмыстарын жүргізді. Қазылған обалардың ақымы ұзынша тік төрт бұрыш болып, көбінде ағашпен жабылған. Кейбір ақым-

дардың ауданы 100 шаршы метрге дейін барады. Обалардан шыққан қазбалардың ішінде қашау, күрек, жебе, орақ, қазан, үш сирақты ошақ, төрт бұрышты табақ қатарлы мыс бұйымдар, шәугім, кесе, түрлі-түсті құмыра секілді қыш бұйымдар бар. Әсіресе Батыс Хань дәуіріне жататын ирек шәугім, алтын қағаз, меруерт көзді алтын жүзіктер, Жауласқан Бектіктер дәуіріне жататын басы адам, аяғы хайуан табақтар мен мыс сардарлар мүсіндері секілді қымбат бағалы заттар да бар» (冯志文等编, 2001: 492).

Егер біз «сөздіктегі» Орталық Азия өңірі мен Қазақ даласының жер-су атауларына қатысты әрбір атауға сипаттама беріп отырсақ, бұл жазбамыз мақала ауқымынан асып, монографиялық зерттеуге ұласып кетуі ғажап емес. Сондықтан біз төменде Орталық Азия өңірі мен Қазақ даласының жер-су атауларына қатысты аса маңызды, біршама тың деп есептеген ономастикалық атаулардың қысқаша салыстырма сөздігін береміз:

1-кесте – «Батыс аймақтардың жер-су аттары сөздігіндегі» кейбір жер-су аттарының сипаттамасы

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿母	Әму	Әміл (қазіргі атауы – Түрікменабат)	Қазіргі Түркіменстанның оңтүстік-батысындағы Әмудария өзенінің бойындағы Шаржүй қаласы (қазіргі атауы – Түрікменабат)
	阿森	Асын	Ясы (қазіргі атауы – Түркістан)	Орталық Азиядағы ежелгі қаланың атауы немесе Ясы деп аударылады. Бұл XIV-XVI ғасырларда Ясы деп аталды. Бастапқы жері – Оңтүстік Қазақстандағы Сыр өзенінің орта ағысында орналасқан Түркістан қаласы.
	阿尔班	Арбан	Албан	Қазіргі Өзбекстандағы Әндіжанның оңтүстігіне орналасқан. Нақты орны белгісіз.
	阿尔泰	Алтай	Алтай	Екі Хань династиясы кезінде ол ғұндарға, Үш патшалық кезінде сяньбилерге, Солтүстік Вэй әулеті кезінде гаоцзюй мен жужандарға, Кейінгі Вэй әулетінен Тан әулетіне дейін түркілерге тиесілі болды. Оңтүстік Сун әулеті кезінде наймандардың жері болса, Мин әулеті кезінде моңғолдың Шешен хандығына тиесілі болды, ал ерте Цин әулеті тұсында бұл аймақ ойраттардың, моңғол жоңғарларының орыстармен шекараласатын жайылымдық жері болған. Цин әулетінің соңында Алтай Істер министрлігі құрылып, Чэнхуа (Шара-Сумэ) ғибадатханасында (қазіргі ҚХР, Алтай қаласы) орналасты, онда Алтай урянхайларын (тыва, якут халықтарының ескі атауы), торғұттар мен қошеуіттерді бақылайтын үш бөлімше болды. Синьхай төңкерісінен кейін бұл министрлік басшылығы қайта құрылып, орталық үкіметтің қарамағында болды. Оның қарамағына қазіргі Шыңжаңның Алтай аймағы тиесілі. 1919 жылы Асандао деп атауы өзгертіліп, Шыңжаң провинциясына біріктірілді. Кейін 阿勒泰 (Алтай) атанды. Қазір, Шыңжаңның Алтай аймағының әкімшілік атауы.
	阿克西	Ақши	Ақсикент (Ахсыкента)	Өзбекстанның Наманған қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 25 шақырымдай жерде, Сыр өзенінің жағасында орналасқан.

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿湍湍	Аланби	Аланми	Орталық Азиядағы ежелгі қала атауы. «Жаңа Таң Кітабы•Батыс аймақтар тарихында» Аньго астанасы Аланми Тан Әулетінің астанасы Мочжоу мен префектураның қалған бөлігінің резиденциясы болды. Бастапқы жері қазіргі Бұхараның шет жағында орналасқан. 16 ғасырда Бұхар хандығының астанасы болған, оны Бұхара деп те атаған.
	阿模里	Амур	Амор	Орталық Азиядағы ежелгі қала атауы. Сондай-ақ, Амур ретінде белгілі. Суй кітабы•Батыс аймақтарының тарихындағы» Му мемлекеті. Бастапқы жері қазіргі Түркіменстанның солтүстік-шығысында, Өмудария өзенінің батыс жағалауындағы Шаржүй қаласында орналасқан. Сонымен қатар, «Жаңа Таң кітабы•Араб халифатының тарихында» Амей немесе Әму, немесе Асмут, ал «Юань әулетінің тарихы•Солтүстік-Батыс жерлер жазбаларында» Амори, ежелгі исмайл халқының қамалы ретінде көрсетілген. Оның орны Каспий теңізінің оңтүстігінде, яғни Иранның солтүстік шекарасындағы Амоль қаласында орналасқан.
	阿姆河	Әму өзені	Өмудария	«Тарихи Жазбалар», «Хань Кітабында» Мяо өзені; «Вэй Кітабында» Усюй өзені; «Суй Кітабы», «Жаңа Тан кітабында» Уху өзені; «Таң Әулетінің Батыс аймақтарының кітабы», «Юань әулетінің тарихында» Аму өзені, Анму өзені; «Юань әулетінің құпия тарихында» Амей өзені, «Батысқа Саяхат» еңбегінде Амоу өзені; «Мин тарихында» Аму өзені, «Батыс аймақтарға саяхат» кітабында Аму өзені деп көрсетілген. Ежелгі гректер оны Окс өзені, ал ежелгі иран тілінде Вахсу өзені деп атаған. Қазір оны Өмудария өзені деп атайды. Бұл Орталық Азиядағы ірі ішкі өзендердің бірі. Негізгі көзі – Вахан өзені. Батыста Памир өзенімен түйіскеннен кейінгі арнасын Пяндж өзені деп атайды. Батыста Вахш өзенімен түйіскеннен кейінгі арнасын Өмудария өзені деп атайды. Ол Өзбекстан арқылы батысқа қарай Арал теңізіне құяды.
	阿什德	Ашты		Орталық Азиядағы ежелгі қала атауы. Бастапқы жері Тәжікстанның солтүстігінде, шығысында Фергана бассейнімен шектеседі және Өзбекстанның Қоқан қаласынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан.
	阿尔金山	Алтын тау	Алтынтаг	Тектоникалық тұрғыдан ол Куньлунь тауымен бірге Цинхай-Тибет үстіртінің солтүстік жасыл тау жотасының бір бөлігі болып табылады. Шығыс бөлігі – Тарим және Цайдам бассейндерімен шекаралас. Ұйғыр тілінде «Алтын Тау» дегенді білдіреді. Ол батыста Черчен ауданынан басталып, орта бөлігі Чарклық ауданынан өтеді, ал шығыс бөлігі Шыңжаң мен Гансу шекарасының бойына жалғасып, кейін Цилян тауында аяқталады. Ұзындығы шамамен 750 шақырым, ең кең нүктесінде ені 100 шақырым, жотаның орташа сызығы шамамен 3500 метр, ал ең биік нүктесі – Жүсіп үлке шыңы (Yusupuleke Tagh) Кетаг шыңы – 6161 метр. Қазіргі уақытта Чарклық ауданының Итүнбұлақ ауылының маңында Қытайдағы ең ірі асбест кеніші бар. Оңтүстік беткейі мен тау бассейні 40 000 шаршы шақырымнан астам аумақты алып жатқан Алтынтаг қорығы болып белгіленді. Бұл әлемдегі ең үлкен, әрі жақсы сақталған үстірт экожүйесінің қорығы болып табылады. Бұл аумақта ондаған мың тибеттік жабайы есектер, тибеттік бөкендер, жабайы топоздар, жабайы түйелер, қара мойынды тырнарлар және басқа да ұлттық қорғалатын жануарлар бар. Бұл аймақ жоғары ғылыми зерттеулер мен шытырман оқиғалы туризмнің құндылығына ие.

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿尔森	Ағарсын		Ауыл аты. Тоғызтарау ауданынан шығысқа қарай 18 шақырым жерде орналасқан. Қазақша «Ағарту» дегенді білдіреді. Бастапқыда мектептің атауы ретінде қолданылып, кейіннен ауыл аты болып кеткен. 3000 халқы бар, онда қазақтар, хань, хуэй сияқты этникалық топтар тұрады.
	阿克库木	Аққұм		Жер атауы. Бурылтоғай округінің оңтүстік-шығысынан шығысқа қарай Фуюн округіне дейін, Джила тау жотасының солтүстігіне (Үшбұлақ аңғары) дейін созылып жатыр. Қазақша «ақ құмды шөл» дегенді білдіреді. Ауданы шамамен 4000 шаршы шақырымды құрайды. Бұл Бурылтоғай округіндегі шамамен 25000 мал жайылатын қысқы жайылым.
	阿克塔斯	Ақтас		① Шыңжаңдағы Мори қазақ автономиялық ауданынан шығысқа қарай 30 шақырымдай жерде орналасқан, Үшбұлақ деп те аталады. ② Ауыл атауы. Текес ауданы Текес ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Қазақша «ақ тас» дегенді білдіреді. Халқы 400 адам, негізінен қазақтар, мал саны 6000.
	阿勒马勒	Алмалы		Ауыл атауы. Ол Күнес қаласынан шығысқа қарай 18 шақырым жерде орналасқан. Қазақша «көп алманың мекені» деген мағынаны білдіреді. 2013 жылғы халық саны бойынша қазақтар, ұйғырлар, хандар сияқты этникалық топтар өмір сүреді. Негізінен мал шаруашылығымен және ауыл шаруашылығымен айналысады.
	阿勒坦山	Алтай тау	Алтын тағ	«Кейінгі Хань әулетінің кітабында» Цзиньхуйшань; «Жаңа Таң әулетінің кітабы», «Ескі Таң әулетінің кітабы», «Юань тарихында» Цзиньшань; «Шэньву жорығының жазбалары», «Юань тарихы», «Юаньның құпия тарихы» еңбектерінде Алтай тауы деп те аталады. «Алтан» деген сөз «Алтай» дегенді көрсетеді, моңғол тілінен аударғанда «алтын» дегенді білдіреді, сондықтан оны Цзиньшань (Алтынтау) деп атайды. Алтай таулары қазіргі Шыңжаңның Моңғолиямен және Ресеймен түйіскен жерінде орналасқан.
	阿勒吞城	Алтын қаласы		Күнес ауданынан батысқа қарай 10 шақырым жерде, Алтын Қорған ауылының солтүстігінде орналасқан, ежелгі қала атауы. Оңтүстігінде Тяньшань тауларына және солтүстігінде Күнес өзенінің саласы Шакпақ өзенімен шектеседі. Ол теңіз деңгейінен 867 метр биіктікте орналасқан. Қала қабырғалары негізінен бүтін сақталған. Қала қабырғасының жоғарғы ені 2~5 метр, төменгі ені 12~17 метр, биіктігі 5~7 метр. Қаладағы барлық ғимараттар қирап қалған. Қытай Республикасы кезінде алтын қазу нәтижесінде пайда болған ені 45 метр және тереңдігі 1 метр болатын кең арық қаланы шығыс және батыс жартастарға бөліп, арықтан қазылған малтатастар екі жаққа шашылып жатыр. Сонымен қатар, қалада қыш ыдыстар мен кірпіштердің қирандылары көп. Кірпіш қызыл түсіті, беті кедір-бұдыр, саусақ іздері бар. Қыш ыдыстардың көп бөлігі қызыл және аз бөлігі сұр қыш ыдыстар. Олар дөңгелек пішінде жасалған және жоғары температураға ие. Бұл қаланың дәуірі Таң әулетінен, Сун мен Юань әулеттерінен кешірек болған болуы мүмкін.
	阿里玛图	Алматы		Ежелгі қала атауы. Қазақстанның бұрынғы астанасы.

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿力麻里	Алмалы		① Қала атауы. «Юань тарихында» Алмалы, Елюй чуайдың «Батысқа саяхаты», Ли Шоучанның «Чанчунның Батысқа саяхаты» еңбектерінде Алма, Лю Юйдің «Батысқа саяхат», «Юань тарихы» еңбектерінде Алмалы, «Алма қаласы» дегенді білдіреді. Қала 16 ғасырдың басында қираған деген қауесет бар. Қаланың орналасқан жері туралы екі теория бар: бірі – «Шыңжаң Тужи•Даолу Чжи» еңбегі бойынша, ескі қаланың қирандылары Шыңжаңдағы Қорғас ауданының солтүстігіндегі ескі қалада болуы керек деп санайды; екіншісі – қытайлық археолог Хуан Вэнбидің айтуынша, Бұл қазіргі Шыңжаңдағы Қорғас ауданында болуы керек деп санайды. Қорғасан шығысқа қарай 13 шақырым, Кеген тауынан оңтүстікке қарай Алтайдың ескі қаласының қирандыларына жатады. Бұл мәлімдемені әлем көбірек мойындады. ② Аудан атауы. Юань әулетінің негізін қалаушы 1275-1277 жылдар аралығында Алмалы ауданында «Ұлы императорлық хатшылық» мекемесін құрды, орталығы Алмалы қаласы болды. Кейін ол Шағатай хандығына тиесілі болды және көбінесе хандардың резиденциясы ретінде болды. Оның юрисдикциясына Шыңжаңдағы қазіргі Хантөңірі тауының солтүстігі, Талқы асуы мен Кеген тауының оңтүстігі, сондай-ақ Іле аймағы және басқа жерлер кіреді.
	阿祿迪城	Алуди		Орталық Азиядағы ежелгі қала атауы. Ежелгі Қаңлы елінің астанасы. Қазіргі Өзбекстанның Самарқанд қаласының маңында орналасқан.
	阿热坎特	Арқанд		① Ауыл атауы. Ол Артуш қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым жерде, Үрімші-Қонжырап тас жолының оңтүстігінде орналасқан. Ол Азақ қалашығына жатады. Ұйғырша «ортаңғы ауыл» дегенді білдіреді. Халқы 1100 адам, ұйғырлар. ② Ауыл аты. Ол Ақтау ауданы Ақтау ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан. Цин әулетінде ол Қашқардан Янгисарға дейінгі жолда болған. Ұйғырша «ортадағы ауыл» дегенді білдіреді. Халық саны – 614, ұйғыр, қырғыз және басқа этникалық топтар бар.
	阿思打纳	Асдана	Астана	«Батыс Өңірлер Жерінің сұлбасында» Асдана; «Батыс Өңірлер Атласында» Астана деп көрсетілген. Бүгінде Бұл Шыңжаңдағы Құмыл қаласының екінші бекінісі.
	阿斯塔纳	Астана		«Шыңжаң білімінде» Астана, «Батыс Аймақтардың Атласында» Астақ деп көрсетілген, жер атауы «Данышпандардың қабірі (жері)» дегенді білдіреді. Ол қазіргі Шыңжаңның Тұрпан қаласындағы Қасқожаның батысынан оңтүстік-шығысқа қарай 2,5 шақырым жерде орналасқан. Бұл Таң әулетіндегі қабірлердің ең көп саны бар ежелгі жерлеу орны.
	阿忒八什	Атбасы		«Юань Әулетінің Тарихы•Солтүстік-Батыс Қосымшалары» еңбегінде Атебаши деп көрсетілген. Қазіргі Қырғызстандағы Ат-Башы ауылы.
	阿腾套山	Ат тауы		Моңғолкүре ауданының шығыс бөлігіндегі Чжунтян тауы мен Нантян тауы арасындағы жартылай таулы аймақ. Қазақ тілінде «Ат тауы» дегенді білдіреді. Таудың пішініне байланысты аталған. Оңтүстігінде Текес өзенімен шектесіп, шығыс-батысқа қарай созылып жатыр. Оның ұзындығы 24 шақырым, ені 15 шақырым, максималды биіктігі 2376 метр.

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿布热勒山	Абыралы тауы		Ол Нылқы ауданы мен Күнес ауданының шекарасында орналасқан. Моңғолша «бата» дегенді білдіреді. Ауалалы, Абулалы деген әртүрлі аудармалары бар. Ол шығыстағы Нылқы және Хэцзин аудандарының шекарасынан басталып, батыста Құлжа ауданы жеріне таяп аяқталады, ұзындығы 240 шақырым, ені 20-30 шақырым. Таулар шығысында биік, батысында аласа, ал негізгі шыңы теңіз деңгейінен 4077 метрден жоғары. Шығыс бөлігінің солтүстік беткейінде таза шыршалы орман бар, жем-шөбі мол. Көмір, темір, мыс және басқа да пайдалы қазбалардың кен орындары, қоңыр аюлар, солтүстік тау қойлары, ұлар сияқты жабайы жануарлар, шоғыр сепкілгүл мен шұбаршөп сияқты қытайлық дәрілік шөптер бар.
	阿尕什敖包	Ағаш қорғаны		Ауыл аты. Ол Шіңгіл ауданы Шіңгіл ауылынан оңтүстікке қарай 43 шақырым жерде, Шіңгіл өзенінің шығыс жағалауында орналасқан. Қазақ тілінен аударғанда «ағаштан жасалған қорған» дегенді білдіреді. Халық саны – 893, қазақтар мен моңғолдар сияқты этникалық топтар тұрады.
	阿圭雅斯水	Ақнияз өзені.		Қазіргі Шыңжаңның Моңғолкүре округіндегі Ақнияз өзені.
	阿克阿热勒	Ағарал	Ақарал	Ауыл аты. Ол Бурылтоғай ауданы Бурылтоғай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде, Бұлғын өзенінің батыс жағында орналасқан. Қазақша «ақ арал» дегенді білдіреді. Халқы – 790 адам, этникалық қазақтар тұрады.
	阿克别里斗	Ақбелді		Ауыл аты. Ол Толы ауылынан солтүстік-батысқа қарай 34 шақырым жерде орналасқан. Қазақша «ақ белбеу» дегенді білдіреді. Халқы 3958 адамды құрайды, қазақтар мен ханьдар сияқты этникалық топтар бар. Толы округіндегі астық өндіретін негізгі аудандардың бірі.
	阿克布尔汗	Ақбұрхан		Ауыл атауы. Ол Күнес қалашығынан оңтүстік-батысқа қарай 54 шақырым жерде, Жырғалан өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан. Моңғол тілінен аударғанда «ақ құдай» дегенді білдіреді. Халқының саны 1461, хань, хуэй, қазақ және басқа этникалық топтар бар.
	阿克加孜克	Ақжазық		Ауыл атауы. Ол Тоғызтарау ауданы Тоғызтарау ауылынан батысқа қарай 38 шақырым жерде орналасқан. Ақтөбек ауылына тиесілі. Халқының саны 1199 адамды құрайды, негізінен қазақтар.
	阿克库勒湖	Ақкөл		Бұл Буыршын өзенінің бастауындағы таулы тұщы көл. Буыршын ауданының солтүстік бөлігінде Қанас көлі ағысқа қарсы 40 шақырым жерде орналасқан. Бұл Қанас өзенінің екі тармағының (яғни Буыршын өзенінің жоғарғы ағысы) түйіскен жерінде пайда болған мұздақ көл. Көл морена тастарына толы, жағалау беткейлері тік, мұз эрозиясынан пайда болған. Көл теңіз деңгейінен 1925 метр биіктікте, су деңгейі 2 метрге өзгереді, ауданы 8,5~15 шаршы шақырым, ені 1500 метр, ең тары 500 метр. Көлдегі су деңгейінің айырмашылығын электр энергиясын өндіруге пайдалануға болады. Айналасында қарағайлы ормандар тығыз, ұсақ ақ балықтар көп. Бірақ тасымалдау жұмыстарын жүргізуге қолайсыз.
	阿克恰普巴	Ақшаппа		Ауыл атауы. Алтай қаласынан оңтүстікке қарай 60 шақырым жерде, Ертіс өзенінің оңтүстігінде орналасқан. Ол Шеркеш қалашығына жатады. Қазақ тілінде «шаппалық жер» дегенді білдіреді. Өзен аңғарындағы шаппалық жер, жайылымға байланысты аталған. Халқы 535 адам, негізінен Хань ұлты.

№	Қытайша	Қазақша	Болжамды транскрипциясы	Түсіндірме жазба
	阿克萨拉依	Аксарай		Ауыл атауы. Қарақаш өзенінің батыс жағалауында орналасқан. Аңыз бойынша, алғашқы жылдары ақ түсті биік үйлер салынған. Қалашық 1984 жылы құрылған. Халқы – 20 483 адам, ұйғырлар. Негізінен жібек құрты тұты, бау-бақша, жаңғақ, кептірілген шабдалы, өрік өсіріледі.
	阿克铁热克	Актерек		Ауыл атауы. Ол Текес қалашығынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде, Текес өзенінің оңтүстік жағалауында орналасқан. Ауыл өзен бойында орналасқан. Халқы 540 адам, хань, қазақ және басқа этностар бірге өмір сүреді.

Топономикалық атаулар халықтың ежелгі тарихымен тығыз байланысы. Яғни этностың географиялық қоныстануы мен тарихтағы көші-қон жағдайы, өзге халықтармен мәдени, саудасаттық т.б. байланыстары, діни наным-сенімдері, өзге тіл мен мәдениеттің әсері т.б. мәселелер топонимдерде көрініс тапқан. Бұған дейін де зерттеуші ғалымдар Қытайдың 26 тарихындағы деректерді әр деңгейде, түрлі мақсатта зерттеп келді. Және ондағы дереккөздерін – Орталық Азияға қатысты өз тұжырымдарын басқаларға дәлелдейтін басты уәжі санайды (Spencer, 1941: 84). Алайда зерттеушілердің көбі топонимдердің лингвистикалық жасалу жағына, әсіресе сөздердің арғы тегі мен этимологиясына мән берместен оларды өзі білетін шет тілдерінде әр түрлі транскрипциялап, қолданып келеді.

Қазіргі Қазақстан жері мен оған шекаралас аймақтарда қалыптасқан топонимдерді сонау сақтар, ғұндар заманы, көне түркі кезеңінен бастап зерделеу қазіргі Қазақ халқының этнотерриториясын, жер бедері ерекшелігін анықтау үшін маңызды. Топонимикада сақталған ғалам бейнесінің тілдік көрінісін, ерекшеліктерін зерттеу – қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан кейбір сұрақтардың жауабын анықтайды, ұлттық мүддеге сай келеді.

Қорытынды

Бұл мақалада түркі халықтардың этнотерриториясы аумағында қытайлық ғалымдар хатқа түсірген кейбір топонимдерге талдау жасадық. Әрине бұл барлық еңбектерді қамтыдық дегенді

білдірмейді, себебі оның бәрін шағын бір мақала көлеміне сиғызу мүмкін де емес. Түркілік қабатты құрайтын топонимдер тек қазақ халқының ғана мұрасы емес, түркі халықтары үшін ортақ. Бүгінгі Шыңжаң жеріндегі топонимдерді салғастыра зерттеп, ортақ, әмбебап ерекшеліктерін айқындау ежелгі тарихымыздан, мәдениетімізден мол мағлұмат алуға болады. Сонымен бірге ол халқымыздың этнотерриториясын анықтау, оның тұтастығын айшықтауда да өте маңызды.

Шыңжаң (Шығыс Түркістан) топонимдерінің басты ерекшеліктері – ондағы топонимдерінің көпшілігінің түркі тілдері негізінде қалыптасқандығы. Және топонимдердің мағынасы жергілікті халықтың тілінде табиғаттың ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын және тарихи оқиғаларды бейнелейтіндігі. Сонымен бірге кейбір топонимдердің әр дәуірде ирандық, исламдық, моңғолдық және қытайлық мәдениет пен тілдің ықпалына ұшырап, өзгеріске түскендігі және бүгінде басқаша атпен атала бастағандығы деуге болады. Зерттеудің басты бір құндылығы міне осындай ұмыт бола бастаған немесе өзгертілген тарихи атауларды хатқа түсіріп, тарихқа қалдыру болса керек.

Алғыс

Мақала BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Әдебиеттер

- Люлина А. Г. (2021). Лингвокультурные особенности топонимов Западного края 西域 в историческом аспекте // Филологические науки. Вопросы теории и практики, 2021, Том 14, выпуск 11. – сс. 3583-3586. DOI: <https://doi.org/10.30853/phil210557>
- Халяпина Н.В. (2011). «Западный Край» (Сиюй) в мироустроительной политике Древнего Китая // Журнал «Общественные Науки». – Москва: Автономная некоммерческая организация «Международный исследовательский институт», 2011, №5. – сс. 312-319.
- Хафизова К.Ш. (1995). Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV–XIX вв. – Алматы: Гылым, 1995. – 283 с.
- Hargett J. M. (2021). Anchors of Stability: Place-Names in Early China // Sino-Platonic papers. 2021. № 312. – 44 p. URL: https://sino-platonic.org/complete/spp312_chinese_place_names.pdf (19.03.2025)
- Liu Yingsheng (2015). Cities and Routes of Ferghana in the “Xiyu tudi renwu lue” and the “Xiyu tudi renwu tu” // Journal of Asian History, 2015, 49(1-2). – pp. 229-251. DOI: <https://doi.org/10.13173/jasiahist.49.1-2.0229>
- Millward J.A. (1999). “Coming onto the Map”: “Western Regions” Geography and Cartographic Nomenclature in the Making of Chinese Empire in Xinjiang // Late Imperial China, 20(2). – USA: Johns Hopkins University Press, 1999. – pp. 61-98. DOI: <https://dx.doi.org/10.1353/late.1999.0008>.
- Spencer J.E. (1941). Chinese Place Names and the Appreciation of Geographic Realities // Geographical Review, 1941. Vol. 31. Issue 1. – pp. 79-94. DOI: <https://doi.org/10.2307/210417>
- 白静静, 张纯, 强爱国. (2015). 中国地名, 2015年, 第12期. [Бай Цзинцзин, Чжан Чун, Цян Айгуо. Қытай географиялық атаулары. – 2015, №12].
- 冯志文等编. (2001). 西域地名词典. – 中国乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2001. – 600页. [Фэн Чживэнь және басқалар. Батыс өңірдің жер-су аттары сөздігі. – ҚХР, Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2001. – 600 б.].
- 奎屯市历史沿革. (2025). 奎屯市历史沿革// 区划地名网. [Күйтүн қаласының тарихы // «Топонимдерді аймақтар бойынша бөлу» ақпараттық каналы]. [Электронды ресурс] URL: <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22369.html> (19.03.2025)
- 荣新江. (1998). 西域史研究的回顾与展望//历史研究. – 北京, 1998年第2期. – 132页. [Жун Синьцзян. Батыс аймақтық тарихты зерттеуге шолу және болашағы // Тарихи зерттеулер. – Пекин: 1998, №2. – 132 б.].
- 荣新江. (2012). “西域”概念的变化与唐朝 “边境”的西移//北京大学学报(哲学社会科学版), 2012年, 第49卷第4期. – 114页. [Жун Синьцзян. «Батыс аймақтар» ұғымының өзгеруі және Тан әулетінің «шекарасының» батысқа қарай қоныс аударуы // Пекин Университетінің Журналы (Философия және әлеуметтік ғылымдар басылымы), 2012, Том. 49, №4. – 114 б.].
- 史记. (2025). 七十列传·太史公自序第七十. [Шицзи. 70-том – Тайшигунның (Ұлы тарихшы – Сыма Цянь) автобиографиясы 70-тарай]. [Электронды ресурс] URL: http://www.ziyexing.com/files-5/shiji/shiji_130.htm (19.03.2025)
- 史記卷一百二十三·大宛列傳第六十三. (2025). [Шицзидің 123-томы – Даюань (Ферғана алқабының орталық және шығыс бөліктеріндегі ежелгі Орта Азия мемлекеті) өмірбаяндары 63-том]. [Электронды ресурс] URL: <https://ctext.org/wiki.pl?if=gb&chapter=906691> (19.03.2025)
- 司马迁. (2025). 卫将军骠骑列传. [Сыма Цянь. Вэй санғұн өмірбаяндары]. [Электронды ресурс] URL: <https://gj.zdic.net/shibu/90/3857.html> (19.03.2025)
- 田卫疆. (1998). 西域的概念及其内涵 //《西域研究》, 1998年, 第4期. – 第68页. [Тянь Вэйцзян. Батыс аймақтар түсінігі мен коннотациясы // «Батыс Аймақтарды Зерттеу», 1998, №4. – 68 б.].
- 魏徵(唐)等. (1973). “隋书”卷六十七, “列传第三十二·裴矩”. – 北京: 中华书局. 1973. – 2736页. [Вэй Вэй (Тан) және басқалар. Суй кітабы. Том 67, «32-өмірбаян – Пэй Цзюй». – Бейжің: Чжунхуа Кітап баспасы, 1973. – 2736 б.].
- 张廷玉等. (1996). 明史. – 长沙: 岳麓书社, 1996年. – 第4953页. [Чжан Тингю және басқалар. Мин әулетінің тарихы. – Чанша: Юэлу кітап баспасы, 1996. – 4953 б.].
- 钟兴麒等. (2002). 西域图志校注. 卷一, 《图考一》. – 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2002年. – 第61页. [Чжун Синцзи және басқалар. Батыс аймақтардағы топонимдердің салыстырмалары мен түсіндірмелері, 1-Том, «Картографиялық зерттеулер 1». – Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2002. – 61 б.].

References

- Lyulina A.G. (2021). Lingvokul'turnye osobennosti toponimov Zapadnogo kraia 西域 v istoricheskom aspekte // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, 2021, Tom 14, vypusk 11. – ss. 3583-3586. DOI: <https://doi.org/10.30853/phil210557> (in Russian)
- Halyapina N.V. (2011). «Zapadnyj Kraj» (Siyuj) v miroustroitel'noj politike Drevnego Kitaya // Zhurnal «Obshchestvennye Nauki». – Moskva: Avtonomnaya nekommercheskaya organizaciya «Mezhdunarodnyj issledovatel'skij institut», 2011, №5. – ss. 312-319. (in Russian)
- Hafizova K.Sh. (1995). Kitajskaya diplomatiya v Central'noj Azii. XIV–XIX vv. – Almaty: Gylym, 1995. – 283 s. (in Russian)
- Hargett J. M. (2021). Anchors of Stability: Place-Names in Early China // Sino-Platonic papers. 2021. № 312. – 44 p. URL: https://sino-platonic.org/complete/spp312_chinese_place_names.pdf (19.03.2025) (in English)
- Liu Yingsheng (2015). Cities and Routes of Ferghana in the “Xiyu tudi renwu lue” and the “Xiyu tudi renwu tu” // Journal of Asian History, 2015, 49(1-2). – pp. 229-251. DOI: <https://doi.org/10.13173/jasiahist.49.1-2.0229> (in English)
- Millward J.A. (1999). “Coming onto the Map”: “Western Regions” Geography and Cartographic Nomenclature in the Making of Chinese Empire in Xinjiang // Late Imperial China, 20(2). – USA: Johns Hopkins University Press, 1999. – pp. 61-98. DOI: <https://dx.doi.org/10.1353/late.1999.0008>. (in English)

- Spencer J.E. (1941). Chinese Place Names and the Appreciation of Geographic Realities // *Geographical Review*, 1941. Vol. 31. Issue 1. – pp. 79-94. DOI: <https://doi.org/10.2307/210417> (in English)
- Bai Jingjing, Zhang Chun, Qiangpei. (2015). Chinese Geographical Names, 2015, No. 12. (in Chinese)
- Feng Zhiwen and others. (2001). Dictionary of Western Geographical Names. – Urumqi, China: Xinjiang People's Publishing House, 2001. – 600 pages. (in Chinese)
- The history of Kuitun City. (2025). Historical Evolution of Kuitun City// Information channel “Distribution of toponyms by Regions”. [Electronic resource] URL: <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22369.html> (19.03.2025) (in Chinese)
- Rong Xinjiang. (1998). Review and Prospect of Western Regional History Research // *Historical Research*. –Beijing, Issue 2, 1998. – 132 pages. (in Chinese)
- Rong Xinjiang. (2012). The change of the concept of “Western Regions” and the westward migration of the “border” of the Tang Dynasty // *Journal of Peking University (Philosophy and Social Sciences Edition)*, 2012, Vol. 49, No. 4. – 114 pages. (in Chinese)
- Historical records. (2025). Seventy Chronicles • Taishigong's Self-ordering, Chapter 70. [Electronic resource] URL: http://www.ziyexing.com/files-5/shiji/shiji_130.htm (03/19/2025) (in Chinese)
- Historical Records, T. 123 (2025). Biographies of Dayuan (ancient Central Asian state in the central and eastern parts of the Fergana Valley), Volume 63]. [Electronic resource] URL: <https://ctext.org/wiki.pl?if=gb&chapter=906691> (19.03.2025) (in Chinese)
- Sima Qian. (2025). Biography of General Wei Hussar. [Electronic resource] URL: <https://gj.zdic.net/shibu/90/3857.html> (03/19/2025) (in Chinese)
- Tian Weijiang. (1998). The concept of Western Regions and their connotations // “Western Regions Research”, 1998, No. 4. – 68 p. (in Chinese)
- Wei Wei (Tang) and others. (1973). Book of Sui, Volume 67, “Biography 32 • Pei Ju”. – Beijing: Zhonghua Bookstore. 1973. – 2736 p. (in Chinese)
- Zhang Tingyu and others. (1996). Ming History. – Changsha: Yuelu Bookstore, 1996. – 4953 p. (in Chinese)
- Zhong Xingqi and others. (2002). Comparisons and interpretations of toponyms in the western regions, Volume 1, “Cartographic research 1”. – Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 2002. – 61 p. (in Chinese)

Авторлар туралы мәлімет:

Мәсімханұлы Дүкен (корреспондент авторы) – филология ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры. (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: masimkhan-63@mail.ru);

Ғабитханұлы Қайрат – филология ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор. (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: kayrat.g@mail.ru);

Дарбай Назерке Хамитқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері. (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: darbay.nazerke@gmail.com).

Information about authors:

Massimkhanuly Duken (corresponding author) – doctor of Philology, Director General of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: masimkhan-63@mail.ru)

Gabitkhanuly Kairat – candidate of Philological Sciences, professor, a leading researcher at the A. Baitursynov Institute of Linguistics of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kayrat.g@mail.ru)

Darbay Nazerke Khamitkyzy – master of Humanities, Junior Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: darbay.nazerke@gmail.com)

Келін түсті: 30 наурыз 2025 жыл
Қабылданды: 11 мамыр 2025 жыл